



## **Мемлекеттің қатысуымен "Азия-лизинг" лизинг компаниясын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 10 қазан 1994 ж. N 1136

Өндірісті техникалық және технологиялық жағынан қайта жарақтандыруды жандандыру, экономиканы құрылымдық қайта құру, жекеменшік капиталды машиналық-техникалық импортты қаржыландыруға тарту, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің жаңа түрінде тәжірибе жинақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттің, "Alemsystem" қаржылық-инвестициялық корпорациясының, жекеменшік кәсіпкерлік құрылымдардың, шетелдік фирмалардың қатысуымен жабық акционерлік қоғам түріндегі "Азия-лизинг" көп салалы лизинг компаниясын (бұдан былай - Компания) құру туралы "Alemsystem" қаржылық-инвестициялық корпорациясының ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияның жарғылық қорының 25 процентінен аспайтын акциясының мемлекеттік пакетін ұстаушысы болып белгіленсін.

3. Компанияға:  
республиканың экономикалық мұқтаждықтарына сәйкес машиналық-техникалық импортты қамтамасыз ету;  
өндіріске жұмсалатын күрделі қаржылар жөніндегі

кәсіпорындардың мүмкіндіктерін ұлғайту жолымен инвестицияларды арттыруға және ұтымды етуге қолдау көрсету;

өндірістік салаға ауқымды шетелдік инвестицияларды тарту құралы ретінде халықаралық лизингті пайдалану міндеттері жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияның басқа құрылтайшыларымен бірлесе отырып, оны тіркеу үшін белгіленген тәртіппен құрылтайшы құжаттар пакетін әзірлейтін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК